



МЕЙІРІМДІЛІК ЖҮРЕКТЕН

3 - бетте



ӘДІЛДІКТІ ТУ ЕТКЕН ӘСКЕРДЕГІ АРУЛАР

4 - бетте



ЖЕНЩИНЫ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

6 - бетте



facebook.com/sarbaz.kz

instagram.com/sarbaz.kz

vk.com/sarbaz.kz

twitter / @SarbazKz

WWW.SARBAZ.KZ



**Халықаралық
әйелдер күнімен!**
наурыз

Құрметті ханымдар!

Сіздерді адамзатқа жылылық сыйлап, табиғаттың оянып, жандануымен қатар келетін шұғылалы көктем мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын! Ежелден қазақ халқы әйел затына ерекше құрмет көрсетіп, қасиетті жанға балаған. Ару, әйел, ана – отбасы ұйтқысы, бақыт, махаббат, мейірімділік, сұлулық символы. Әйел адам отбасы ұйтқысы болумен қатар еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде де маңызды орын алады. Елімізде жүргізілетін сындарлы саясаттың бір бағыты гендерлік теңдік бүгінгі күні қарқынды іске асырылуда.

Әйелдер жоғары мемлекеттік органдарда жауапты қызметтер атқаруда, бизнес саласында жетістікке қол жеткізуде. Қай уақытта да әйел заты кез келген сын сағатта ер азаматын қолдап, жанынан табылған. Сол батыр аналарымыздан қалған азаматтық және патриоттық эстафетаның жалғасы ретінде қазіргі уақытта әйел азаматшалар ерлермен бірге Қарулы Күштер қатарында еліміздің бейбіт өмірін сақтауға белсене атсалысып, әскери өмірдің ауыртпалығын еңсере қызмет өткеруде. Бүгінгі күні Қарулы Күштер қатарында

жеті мыңға жуық әскери қызметші әйел бар. Олар байланыс, медицина, қаржы, тәрбие, психология және басқа салаларда үлес қосып, адал қызмет атқаруда. Көптеген азаматшалар әскери ғылым саласын дамытуға да еңбегін сіңіріп келеді. Осынау шуақты мейрамда сіздерге зор денсаулық, отбасы амандығын, бақыт, әрқашан ашық аспан, қызметте табыс тілеймін!

**Құрметпен, Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі генерал-полковник
Р. Жақсылықов**

ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН КЕҢЕС ӨТТІ

Аталмыш шара Құрлық әскерлері бас қолбасшысының басқармасы ұйымдастырған жиын аясында жалпыәскери, артиллериялық бригадалар мен барлау (тау қорықшылары) полктерінің командирлеріне арнайы өткізілді.



Қорғаныс ведомствосының басшысы генерал-полковник Руслан Жақсылықов сеніп тапсырылған әскери бөлімдердегі істердің жай-күйі туралы командирлердің баяндамаларын тыңдап, әскерлердің жауынгерлік әзірлігі мен жауынгерлік қабілетін одан әрі арттыруға бағытталған бірқатар міндеттер жүктеді. Ол әскерлердегі тактикалық, тактикалық-арнайы және атыс дайындығы мен тәртіптің тиімділігі көбінесе командирлердің құзыреттілігіне, ұйымдастырушылық қабілеттеріне және олардың лауазымдық міндеттеріне жауапкершілікпен қарауына байланысты екенін атап өтті.

Жиын бағдарламасы дәрістер мен практикалық сабақтарды, тренингтер мен тестілеуді қамтыды. Тактикалық сабақта шартты жағдай жайлы мәлімет берді. Командирлер оны бағалап, күштерді, құралдарды бөлу, қозғалыс жолдарын анықтау және уақытты есептеу арқылы жауынгерлік тапсырманы орындау туралы шешім қабылдады. Сабақтар тактикалық жағдайдағы барлық іс-қимыл нұсқаларын егжей-тегжейлі пысықтай отырып, жоғары қарқынмен орындалды.

Көптеген тәжірибелік сабақтар жиын өткізудің пайдалы екенін көрсетіп отыр. Мұндай сәтті жинақталған білім қызметтік-жауынгерлік міндеттерді орындау барысында бағынысты бөлімшелер мен жеке құрамды басқаруға көмектеседі, – деп жиынның маңызды екенін атап өтті 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Жасұлан Әбеков.

Бригадалар мен полк командирлері заңнама нормаларын, тактикалық нормативтерді, жалпыәскери штабтар қызметі жөніндегі нұсқаулықтың ережелерін білуге тестілеуден өтті. Мұндай жиын командалық құрамның кәсіби деңгейін арттыруға, бөлімшелердің күнделікті тыныс-тіршілігін және жауынгерлік даярлық іс-шараларын ұйымдастырудағы біліктілігін тексеруге бағытталған.

ҚАЗАҚСТАНДА КӨКТЕМГІ ШАҚЫРУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

Бұл жөнінде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне Президент жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Қорғаныс министрінің орынбасары Дархан Ахмедиев хабарлады.

Президенттің Жарлығына сәйкес биылғы жылдың бірінші наурызынан бастап мерзімді әскери қызметке көктемгі шақыру басталады. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдардың шақыру пункттерінде 195 қалалық және аудандық шақыру комиссияларының жұмысы ұйымдастырылды.

Осы жылдың көктемінде барлығы 18 мыңнан астам адам, оның ішінде Қарулы Күштерге 7 мыңнан астам адам, Ұлттық ұланға – 6 мыңнан аса, ҰҚК Шекара қызметіне – 3 мыңнан астам, Төтенше жағдайлар министрлігіне – 300, Мемлекеттік күзет қызметіне 80-ге тарта адам шақырылады.

Дархан Ахмедиев журналистерге қорғаныс ведомствосының әскери қызметтің беделін нығайту және жастардың әскерге деген ынтасын арттыру жөніндегі бастамалары туралы айтып берді.

Еліміздің қырықтан астам жоғары оқу орындарымен жасалған келісімдер бойынша Отан алдындағы борышын өтеген жастар әскерден кейін екі жыл ішінде жоғары оқу орындарына ақысыз ҰБТ тапсырусыз түсе алады. Бұл ретте үздіктердің үздігі жоғары оқу орындарында тегін оқитын болады. Осы санат үшін келісім бойынша жоғары білім ордалары 3000 орын берді. Сондай-ақ, әскери кафедрала конкурсқан тыс түсуге де мүмкіндік берілетін болады.

Сарбаздар үшін тағы бір артықшылық бар. Яғни, оқу орталықтарында оларды мемлекеттік үлгідегі тиісті куәліктерді бере отырып, экономиканың нақты секторында қажетті азаматтық-тұтыстық әскери-есептегі мамандыққа даярлау жүзеге асырылады.

– Бүгінгі күні мерзімді қызметтің 3,4 мың әскери қыз-

метшісінің қарыздары бойынша төлемдері кейінге қалдырылды, – деді Дархан Ахмедиев.

Брифинг барысында Қорғаныс министрлігінің өкілдері әскерге шақырудан кімдердің босатылуы мүмкін екендігі, мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтар үшін қандай жеңілдіктер көзделгені туралы ақпарат берді.

Қарулы Күштер Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаментінің бастығы полковник Бауыржан Артықов заңнама нормаларына сәйкес әскерге шақырудан босатылатын немесе әскери қызметтен кейінге қалдыруға құқығы бар азаматтардың санаттарына тоқталды.

Бұл оқып жүрген, некеде тұрған және балалары бар, сырттан көмекке мұқтаж отбасы мүшелерін күтумен айналысатын азаматтарға қатысты болмақ. Кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтар мен дәрігерлерге де осындай құқық беріледі.

Биыл 1 наурыздан бастап азаматтарды әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру және одан босату жөніндегі қызмет іске қосылды. Енді азаматтар әскери қызмет өткеру мәртебесі туралы мәліметтерді ұсыну бойынша мемлекеттік қызметті бірде-бір құжатсыз алады.

– SmartDataUkmet ақпараттық-талдау жүйесінің арқасында кейінге қалдыруға құқығы бар 500 мыңнан астам әскерге шақырылушылар анықталды. Бүгіннен бастап азаматтардың бұл санаты шақыруды кейінге қалдыру



туралы SMS-хабарлама алады. Азаматтардың әскери есебін цифрландыру жеке байланысын қоспағанда, көптеген мәселелерді қашықтан шешуге мүмкіндік береді. Іске асырылып жатқан жоба пилоттық жоба екенін ескере отырып, мұндай хабарламаларды барлығы бірдей ала бермеуі мүмкін. Мұндай жағдайларда кейінге қалдыруға құқығы бар азаматтар электрондық үкімет порталы арқылы кейінге қалдыру жөніндегі мемлекеттік қызметті алуға жүгінуі қажет, – деп атап өтті Дархан Ахмедиев.

Қорғаныс министрлігінің өкілдері сондай-ақ, сыйақы үшін кейінге қалдыруды немесе шақырудан босатуды ұсынатын адамдармен байланыста болудан сақтандырады. Әскерге шақыруға байланысты кез келген даулы мәселе төңірегінде, басқа да өмірлік жағдай бойынша 8 (7172) 72 16 06; 72 10 83 байланыс телефондары арқылы кеңес алуға болады.

СОБЫТИЯ И ФАКТЫ

ВСТРЕЧА С ВЕТЕРАНАМИ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ

Заместитель министра обороны генерал-лейтенант Султан Камалетдинов проинформировал ветеранов о мерах, принимаемых Министерством обороны с целью повышения статуса военнослужащих и социального обеспечения ветеранов.

В мероприятии приняли участие заместитель командующего региональным командованием «ЮГ» полковник Ораз Кучуков, начальник Департамента по делам обороны Жамбылской области полковник Нурбол Зейнелов, представители областного акимата, должностные лица подразделений Министерства обороны.

Генерал-лейтенант Султан Камалетдинов рассказал о мерах, принимаемых оборонным ведомством с целью совершенствования системы социальных гарантий военнослужащих и военных пенсионеров.

Проводится работа по увеличению должностных окладов летному составу, зарплатных плат военным медицинским работникам и гражданским преподавателям военных учебных заведений. Планируется повышение тарифных категорий должностей рядового и сержантского составов на три разряда, а с первого января 2024 года – окладов по воинскому званию военнослужащих на 30%.

Прорабатывается вопрос по внесению в законодательство нормы, предусматривающей выплату в размере трехкратного денежного содержания



военнослужащим при ликвидации последствий чрезвычайных ситуаций (по аналогии с Национальной гвардией и МВД).

Как сообщил заместитель министра обороны, пакет документов с предложениями по совершенствованию пенсионного обеспечения военнослужащих находится на рассмотрении в Правительстве. Поставлен вопрос о возврате государственной базовой пенсионной выплаты, которая была отменена с 1 января 2016 года, и о возможности снятия остатков пенсионных накоплений без каких-либо ограничений.

Позиции заинтересованных государственных органов по этому вопросу были заслушаны в профильных комитетах Сената и Мажилиса Парламента на презентации проекта Социального кодекса. Сейчас проводится работа по уточнению потребности в денежных средствах.

Также принимаются меры по упрощению механизма оказания медицинской помощи военным пенсионерам, обеспечения их санаторно-курортным лечением и жильем.

ЕДИНСТВО И ВЗАИМНАЯ ПОДДЕРЖКА

Во всех соединениях и воинских частях региональных командований и родов войск отметили праздник, олицетворяющий непреходящие ценности дружбы, добра, мира и единства.



В столичной десантно-штурмовой бригаде от имени руководства личный состав поздравил заместителя командира по воспитательной и идеологической работе батальона «Алдапан» майор Даулетхан Садыханов.

Он подчеркнул, что главная идея Дня благодарности заключается в единстве, взаимной поддержке и верности гуманистическим идеалам.

В свою очередь, военнослужащие столичной десантно-штурмовой бригады сержанты взвода старший сержант Александр Богданов и старший сержант Тохтар Туганов поблагодарили командиров, сослуживцев и пожелали им успехов в службе и семейного благополучия. А рядовые Тагир Даурбеков и Василий Терначук с помощью видеосервиса «Отбасымен бейнеқоңырау» связались с родителями и поблагодарили их за заботу и понимание, доброту и поддержку.

Напомним, в разные годы в казахские степи были депортированы сотни тысяч представителей разных национальностей. В период тяжелых испытаний казахская юрта стала для переселенцев пристанищем и укрытием. Представители старшего поколения передают из уст в уста истории о том, как местные жители, сами испытывавшие крайнюю нужду, делились с ними последним.

Сегодня этот праздник, позитивно воспринятый обществом, обретает новые традиции, способствующие укреплению дружбы и взаимопонимания.

ВСЕГДА В ГОТОВНОСТИ

В Таразе состоялись плановые сборы подразделений радиационной, химической и биологической защиты регионального командования «ЮГ». Практические занятия воинов-химиков прошли в условиях, максимально приближенных к боевым.



Для участия в практических занятиях в Тараз прибыли подразделения радиационной химической и биологической защиты со всех гарнизонов Регионального командования «ЮГ».

Полевой выход подразделений радиационной химической и биологической защиты южного региона прошел с выполнением задач в рамках внезапных условных вводных ситуаций. К примеру, произошел выброс в воздух неизвестного вещества. Военным химикам необходимо провести химическую разведку, определить вещество, выявить степень опасности, отработать вопросы, связанные с обозначением границ зон заражения, приступить к практическим действиям.

В ходе полевого выхода военнослужащие подразделений химической защиты практически отработывают вопросы, касающиеся профессиональной деятельности, – отметил командир батальона радиационной химической и биологической защиты РК «ЮГ» майор Дмитрий Ефимов. – Личный состав получает практические навыки, обучается слаженной работе. Проведение подобных занятий позволяет специалистам войск радиационной, химической и биологической защиты поднять уровень профессиональной подготовки, а в случае возникновения такой необходимости быть в готовности по команде выехать и выполнять задачи по своему предназначению.

В ходе практических занятий военные химики отработывали вопросы, связанные с обозначением границ зон заражения, проведением радиационной разведки и развертыванием авторазличных станций.

У каждого упражнения есть свои оценочные показатели. Чем быстрее и качественнее выполнен норматив, тем выше оценка подразделения, – пояснил инструктор роты РХБ защиты старший сержант Фархат Бақыбеков. – На совместных занятиях в ходе сборов у военнослужащих появляется возможность соревноваться между собой в условиях здорового соперничества, чтобы достигать наилучших результатов.

Благодаря состоявшимся в ходе сборов практическим занятиям воины-химики повысили уровень обученности и боевой готовности, выработали слаженность действий и укрепили свои профессиональные способности выполнять в реальной обстановке возложенные на них боевые задачи.

ОБСУЖДЕНЫ ВОПРОСЫ ПОДДЕРЖКИ СЕМЕЙ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ

В День благодарности начальник Департамента воспитательной и идеологической работы полковник юстиции Тлеухан Басхожаев встретился с руководителями служб по организации работы с членами семей военнослужащих Вооруженных сил.

Как заметил полковник юстиции Тлеухан Басхожаев, миссия служб заключается в укреплении духовно-нравственных ценностей и сохранении благополучия в семьях военнослужащих. Поэтому необходимо знать бытовые условия, в которых живет семья, и чутко реагировать на запросы, связанные с определением детей в организации образования, с трудоустройством супругов при переводе военнослужащих на новое место службы.

Полковник Тлеухан Басхожаев также обратил внимание на необходимость повышения правовой и финансовой грамотности военнослужащих, вовлечения членов семей в культурно-массовые и спортивные мероприятия.

В свою очередь, руководитель отдела по организации работы с членами семей военнослужащих Вооруженных сил Татигуль Смагулова поделилась подробностями о работе с молодыми и многодетными семьями, учете их образовательных, медицинских и культурных потребностей.

В завершение встречи полковник юстиции Тлеухан Басхожаев поблагодарил представителей женсовета за активную работу и поздравил их с наступающим международным женским днем 8 Марта.



«АРМИЯ БЕЗ ПРАВОНАРУШИТЕЛЯ»

В Алматинском гарнизоне прошло очередное заседание по противодействию коррупции на тему «Армия без правонарушителя».

Заседание комиссии по контролю за исполнением законодательства о противодействии коррупции Алматинского гарнизона прошло под председательством командующего Десантно-штурмовыми войсками генерал-майора Алмаза Джумакаева. На совещании рассмотрены служебная этика военнослужащих, соблюдение принципов меритократии при подборе и расстановке кадров и другие не менее важные вопросы.

Необходимо отметить, что в Алматинском региональном гарнизоне ежемесячно проводятся профилактические мероприятия по недопущению

коррупционных правонарушений в местных органах военного управления, воинских частях и учреждениях. Командованию и личному составу воинских частей регулярно доводится анализ состояния воинской дисциплины и правопорядка.

Меры, направленные на профилактику правонарушений, являются очень эффективными. Они включают в себя ряд мероприятий идеологического, воинского и патриотического воспитания, направленных на создание в воинских коллективах «нулевой терпимости» к любым правонарушениям, – отметил начальник отдела по противодействию коррупции Управления военной полиции Алматинского регионального гарнизона майор юстиции Рауан Саурык.



В заседании приняли участие представители Военной прокуратуры Алматинского гарнизона майор юстиции Асхат Есенов и Антикоррупционной службы по городу Алматы Саят Багигимбаев. Офицеры подробно ответили на все вопросы военнослужащих.

В ходе круглого стола состоялся показ видеоролика с примерами совершенных коррупционных правонарушений в рядах Вооруженных Сил, оглашены вынесенные штрафы и сроки лишения свободы за совершенные преступления.

В мероприятии приняло участие более 150 военнослужащих, включая командиров частей и учреждений, офицеров органов комплектования, представителей тыловых, кадровых, финансовых и других служб. Поставлена задача по недопущению коррупционных правонарушений.

ОТРАБОТКА КУРСОВОЙ ЗАДАЧИ

Экипажи дивизиона разнородных кораблей Военно-морских сил Казахстана завершили отработку курсовой задачи К-2 в казахстанском секторе Каспийского моря.

В течение двух недель ракетно-артиллерийские корабли выполняли комплекс мероприятий по организации боевого применения корабля и его вооружения, тактике ведения боевых действий одиночным кораблем.

Отработка курсовой задачи в Военно-морских силах – важнейший этап программы подготовки кораблей. Занятия с экипажами проводятся постоянно. При этом у каждого военного корабля есть свои особенности подготовки к походу, – пояснил командир ракетно-артиллерийского корабля «Казахстан» капитан 3 ранга Руслан Яхьяров.

Учебно-боевые действия включали выполнение элементов морского боя, в том числе в условиях активного радиоэлектронного противодействия сил и средств противника. Военные моряки также провели тренировки по спасению одиночного корабля с использованием спасательных устройств и средств. Все учебные цели были достигнуты.



АЛҒЫС АЙТУ

БИЛЕ ЖҮРІҢІЗ

ЖЕТИСУ ГАРНИЗОНЫ

ЕЛДІГІМІЗГЕ АЛҒЫС – БІРЛІГІМІЗДІҢ АЙҒАҒЫ

1 наурыз – Алғыс айту күні. Көктемнің алғашқы күнімен қатар келген бұл мерекені Қазақстан халқы 2016 жылдан бері атап өтуде.



мен толықтырулар енгізіліп, қазақстандықтар алғаш рет 2016 жылдың 1 наурызында ерекше мерекені атап өтуді бастап кетті.

Міне, биыл Алғыс айту күнін жетінші жыл қатарынан өткізгелі тұрмыз. Иә, кешегі қилы заманда қазақ халқы тағдырдың жазуымен елге келген өзге этнос өкілдеріне кең құшағын жайып, бауырына тартты, бір үзім нанымен бөлісті. Столыпин реформасы кезінде елге тұтас этностар депортацияланды. Түрлі этнос өкілдерін вагондармен ашық далаға әкеп тастады. Онсыз да күнін әрең көріп отырған қазақ отбасылары оларды үйіне кіргізіп, қамқорлық танытты. XX ғасырдың басында Қазақстанға Беларусь, Ресей және Украинадан 1,1 миллион адам қоныс аударды, ал 1930 жылдары ұжымдастыру барысында 250 мың шаруа жер аударылып, тағы 1,2 миллионға тарта адам өнеркәсіп нысандарын тұрғызуға келген. Олардың бәрі Қазақстанда орнығып, қиын кезеңдерді қазақ халқымен бірге өңсерді. Сондықтан елдегі мерекелер қатарының Алғыс айту күнімен толығы иілікті іс болды. Бұл күннің астарында қазақ халқының бауырмалдығы мен мейірімділігіне ризашылық білдіру жатыр.

Алғыс айту күні – қысылтаяң шақта бар ауыртпашылықты бірге көтеріп, Тәуелсіз Қазақстан құру жолында аянбай тер төккен ел азаматтарының бір-біріне құрмет көрсету күні.

Алғыс айту күнін мереке ретінде енгізу идеясын бұрынғы ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылдың сәуірінде ұсынды.

«Бұл күн – елімізде тұратын түрлі этнос өкілі қазақ халқына ерекше ризашылығын білдіріп, қиын заманда құшақ жая қарсы алғанына, жатсынбай бауырына басып, тату-тәтті өмір сүріп жатқанына алғыс айтатын күні.

Қазақстан халқы ассамблеясы құрылған күн, яғни 1 наурызды жыл сайын барлық этностың бір-біріне және мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Бұл күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір-біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі бола алар еді, - деген болатын ол 2015 жылдың сәуір айында Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мәңгілік ел: бір ел – бір тағдыр» тақырыбымен басталған XXII сессиясының ашылу салтанатында.

Сөйтіп, 2016 жылдың 14 қаңтарында ҚР Тұңғыш Президенті Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнін, яғни 1 наурызды Алғыс айту күні етіп жариялады. Дәл осы күні «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Жарлығына өзгерістер

отырған қазақ отбасылары оларды үйіне кіргізіп, қамқорлық танытты. XX ғасырдың басында Қазақстанға Беларусь, Ресей және Украинадан 1,1 миллион адам қоныс аударды, ал 1930 жылдары ұжымдастыру барысында 250 мың шаруа жер аударылып, тағы 1,2 миллионға тарта адам өнеркәсіп нысандарын тұрғызуға келген. Олардың бәрі Қазақстанда орнығып, қиын кезеңдерді қазақ халқымен бірге өңсерді. Сондықтан елдегі мерекелер қатарының Алғыс айту күнімен толығы иілікті іс болды. Бұл күннің астарында қазақ халқының бауырмалдығы мен мейірімділігіне ризашылық білдіру жатыр.



АҚЖАРМА

Алғыс айту күніне арнаған өлең

Аллаға әуелі рахмет!
Тірлікті мынау жаратқан.
Анаға шексіз рахмет!
Ақ сүт берген, толғатқан.
Әкеге айтам мың алғыс!
Ұрпақтар жібін тарқатқан.
Бауырға туған рахмет!
Қолдаған, сүйген, жұбатқан.

Ұстазға ұлы рахмет!
Нәрімен білім сусатқан.
Балалық досқа рахмет!
Қуанған, бірге мұңдасқан.
Сол жанға айтам мың алғыс!

Сезімі үшін жылытқан.
Халқыма туған рахмет!
Шыңдаған, елге танытқан.

Қазаққа дархан рахмет!
Салт-санасын сіңірген.
Жеріме байтақ рахмет!
Таза ауа үшін сімірген.
Жарыма айтам мың алғыс!
Сыйлаған ұл-қыз, түсінген.
Барша әлем, саған рахмет!
Әр күнім үшін кешірген.

Кенже ОРАЗАЙ

МЕЙІРІМДІЛІК ЖҮРЕКТЕН

Көктемнің алғашқы мерекесі – алғыс айту күніне орай Жетісу гарнизоны 54380 әскери бөлімінің ұйымдастыруымен «Мейірімді қол» атты қайырымдылық шарасы өткізілді.



Игі шараның мақсаты – балаларға риясыз қуаныш пен шат күлкі сыйлау. Бала – ұлттың болашағы, еліміздің ертеңі, келешегіміздің келбеті. Сондықтан да оларға барынша көңіл бөлуіміз назардан тыс қалдырмауымыз керек. Шараның өткізілуіне әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмыс жөніндегі бөлімінің басшысы Зере Исаева ұйытқы болды.

Көпбалалы және мүмкіндігі шектеулі отбасыларының

20-ға жуық балақайы ата-аналарымен бірге «Сити-Плюс» сауда ойын-сауық кешеніне ерекше көңіл-күймен келді. Мұнда оларды жаны жомарт жандар қарсы алды. Олардың қатарында «Емар Кебаб» фаст-фуд орталығы өздерінің пицца және шырындыларын ұсынса, «Атамекен Сінета» кинотеатры «Человек муравей» атты киносын тегін тамашалатып демеушілік танытты.

Осы сәтте Зере Исаева ата-аналармен ашық әңгіме өткізіп, бала тәрбиесіне қатысты бірқатар мәселелерді талқылады. Ата-аналарды бүгінгі мерекелерімен құттықтай келе, алдағы уақыттарда да осындай игі шараларды бірлесіп атқаруға шақырды.

– Балаларға жасалған қамқорлық пен жақсылыққа дән ризамыз. Барлық ата-аналар атынан 54380 әскери бөлімінің командирі полковник Қайрат Төлегенұлына, сондай-ақ осы игі шараны ұйымдастыруда ерекше белсенділік көрсеткен жандарға алғысымызды білдіріп, еңбектеріне жеміс тілейміз, - дейді көпбалалы ана Айнұр Тұрсынбайқызы.

Шара соңында жомарттық жасауда аянып қалмай, қолдан келген көмектерін көрсеткен жаны жомарт жандардың атына жылы лебіздер айтылып, алғыс хаттар табысталды.



ЖҮРЕКЖАРДЫ

АЛАШ ЖҰРТЫНА АЙТЫЛҒАН АЛҒЫС

Аль-Мусана Мүфлех, дәрігер:

– Мен Алматыда білім алдым. Қазақ халқының қонақжайлылығы мен мейірімділігіне тәнті болдым. Керемет шақтарды сағынышпен еске алып отырамын. Сіздерге алғысым шексіз.

Артур Штайхауэр, компания директоры:

– Мен Павлодар облысының тумасымын. Қиын-қыстау кезеңде менің аталарым қазақтың қолдауын көрді. Дархан жерден пана тапты. Мереке құтты болсын!

Алма Диздаревич, банк қызметкері:

– Мен отбасыммен Қазақстанда 9 жыл тұрдым. Білім алдым, еңбек еттім. Кең пейілді, ақ жүректі қазақ жұртын ешқашан ұмытпаймын. Қазақ елі – менің екінші Отаным!

Вальдемар Вайц, зауыт директоры:

– Менің аталарым қиын заманда Повольже өңірінен Қазақ еліне көшкен. Туған жерім мен үшін өте ыстық. Қазақ еліне, ауылыма, көршілеріме үлкен рахмет! Аман болыңыздар!



АРУЛАР – АСЫЛ ЖАНДАР

КӨКТЕМНІҢ ШУАҚТЫ МЕРЕКЕСІ

ЭЛҚИССА

Алдымыздағы сәрсенбі күні тағы бір мерекеміз бар. Ол – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні. Оны әлемнің жиырмадан астам елі ресми мереке ретінде атап өтеді.



Жылдың 8 наурызында бүкіл Америка құрлығының әйелдері «бос қазан шеруін» ұйымдастырып, жалақының көтерілуін, еңбек ету жағдайының жақсаруын және еркектермен тең құқылы болуды талап етті. 1910 жылы Копенгагенде өткен халықаралық конференцияда Клара Цеткин 8 наурыз күнін халықаралық әйелдер күні ретінде атап өту туралы ұсыныс жасайды.

Бұл әлемнің төрт бұрышындағы әйелдерге өз құқықтары үшін күресу үндеуі еді. Сонымен қатар, әйелдерді кедейшілікке қарсы, еңбекті бағалау, ар-ождан қадірлеу, бейбітшілік үшін күресуге шақырады. Бұл мейрам 1911 жылы 19 наурызда Австрия, Дания, Германия, Швейцария елдерінде аталып өтті.

Ресейде бұл мейрамның бастауы 1913 жылы Петербургте қала басшылығына «әйелдер мәселесі» атты өтініштен басталады. Біліктігер бұл өтінішті қабылдап, Полтава көшесінде орналасқан Калашникова нан біржасында 1,5 мың адам жиналған жиналыста әйелдердің сайлау құқығы, аналық құқықты мемлекет тарапынан қорғау сияқты мәселелерді көтерді.

Кеңес үкіметі кезінде 8 наурыз мемлекеттік мейрам дәрежесіне көтеріледі. Уақыт өте бұл мейрам саяси мәнін жоғалта бастайды. Кеңес үкіметі тарағаннан кейін де 8 наурыз мейрамы ТМД елдері арасында әлі де тойланып келеді.



Жалпы, әйелдер мерекесі күні туралы алғашқы деректер Көне Рим дәуірінде болғандығы жайында нақты ақпараттар бар. Екі мыңнан астам жыл бұрын бұл мерекеді ер азаматтар өздерінің аналарына, әйелі мен қыздарына, апайларына түрлі сыйлықтар тарту еткен екен.

Дәл осы кезеңге шамалас, біздің дәуіріміздің алғашқы ғасырында қазіргі Вьетнам жерінде әйелдерге ізет көрсетуге бағытталған мейрам дүние келді. Мереке Хань империясына қарсы азаматтық күресіне басшылық жасаған апалы-сіңлілі Чынгтардың құрметіне орай аталып өтіле бастады. Апалы-сіңлілі қыздар жау қоршауында қалып, тірідей тұтқынға түспеу үшін өзенге батып кеткен еді. Сол кезеңнен бастап вьетнам әйелінің батырлығы аңыздар мен тарихи әңгімелерде кеңінен дәріптеліп келеді.

Бірнеше ғасыр өткеннен кейін Америка құрлығында қазіргі халықаралық әйелдер күні мерекесіне негіз қалаған бірқатар оқиғалар орын алды. Нью-Йорктің киім тігетін фабрикасы мен тоқыма өнеркәсібінде жұмыс істейтін әйелдер жалақының төмендігі мен жұмыс жағдайының нашарлығына қарсылық танытып, 1857 жылдың 8 наурызында Манхэттен көшелеріне шеруге шықты. 1901 жылы да дәл 8 наурыз күні Чикагода тарихта алғаш рет үй шаруасындағы әйелдер тарихта «қазан бүлігі» деген атаумен қалған шеруді ұйымдастырған болатын. Араға жеті жыл салып, 1908

ӘСКЕРИЛЕРДІҢ ӘЙЕЛДЕРІНЕ ЕРЕКШЕ НАЗАР АУДАРЫЛДЫ

АБАЙ Өңірлік гарнизоны

Абай гарнизонына қызметтік сапарымен Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмысты ұйымдастыру қызметінің басшысы Тәттігүл Смағұлова мен отбасы мүшелерімен жұмысты ұйымдастыру қызметінің психологы Гүлнәр Жасұзақова келді.

Олар гарнизондық офицерлер үйінде әскери қызметшілердің жұбайларымен кездесу ұйымдастырды. Алқалы жмын әскери қызметшілер отбасындағы ынтымақты нығайтып, берекені арттыруды мақсат тұтты. Әскери қызметшілердің отбасы мүшелерімен жұмысты ұйымдастыру қызметінің басшысы әскерилердің әйелдеріне мемлекеттің назары ерекше екендігіне жете тоқталды. Баласы дертке ұшырап, отаны шетелге асып жасауға тура келген жағдайда министрлік тарапынан қандай көмектің көрсетілетіні айтылды. Жмын барысында әскери қызметшілердің отбасы мүшелері Астанадан келген арнайы мамандарға көкейкесті сауалдарын жолдады. Шара соңында психолог Гүлнәр Жасұзақова «Офицердің жары» атты өлең шумақтарын оқыды. Психологтың орындаған шығармасы жиналған



жұртшылықтың ыстық қошеметіне ие болды. Жұмыс сапарымен Абай гарнизонына келгендер аталмыш кештен кейін толғандырған мәселесі бар әйелдер қауымымен жеке қабылдау жүргізді.

Отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Дегенмен, біздің мақсат әскери қызметшілер отбасындағы тұрақтылықты сақтау. Бүгінгі шарада осы мәселе көтерілді. Қорғаныс министрлігінен келген арнайы мамандар әскерилердің әйелдеріне ақпараттық-түсіндірме бағыттағы жұмыстарын жүргізіп, сонымен қатар гарнизондағы отбасы мүшелерімен жұмыс жасайтын қызметкерлердің біліктіліктерін арттырды, - дейді 44793 әскери бөлімі командирінің отбасы мүшелерімен жұмысты ұйымдастыру қызметі жөніндегі көмекшісі азаматтық персонал Гүлнәр Сейітқалиева.



ӘДІЛДІКТІ ТУ ЕТКЕН ӘСКЕРДЕГІ АРУЛАР

ОЙ-ТОЛҒАҚ

Адам баласына берілген ақыл-ойды әркім өз қабілетіне сай қолданады. Сол қасиеттердің ең бастысы – алға мақсат қоя білу, оны табандылықпен жүзеге асыру. Басқаша айтқанда, өзінің еліне қызмет ету. Бұл – басты азаматтық парызымыз. Адам баласына алға жетелейтін де, елі мен жұртына кеңінен сыйлы етіп, төрге шығаратын да адал еңбек. Өмір сабағы көрсеткендей, оның өтесін ешкімнен дәмәтпей-ақ, маңдай теріңді төгіп жұмыс жасасаң, атақ пен абырой сені өзі іздеп табатыны анық. Бұл ретте мызғымас табандылық пен намыс жеткіліксіз. Еңсесін түсірмейтін биік адамгершілік пен алмас қылыштай әділдік қажет.

Көне тарихымызға көз жүгіртсек, қазақ қоғамында ежелден қыз баланы құрметтеп, ананы ардақтаған. Халқымыз әрдайым қыздарына баға бергенде «елдің дертіне, желдің өтіне қасқайып тұра білген қарындас» дейді екен. Әуел баста бірден санамызда тарихшы-шежірешілерден естітін Тұмар ханым, Айша бибі, Нұрбибі, Қызы ана, Домалақ ана сияқты кейіпкерлердің бейнесі тұрады. Мәншүк пен Әлия қыздарымыздың екінші дүниежүзілік соғыстағы ерліктері көкейімізде бала күннен жатталып қалған.

Бүгінде биік тұлғалы ер азаматтармен иық тірестіріп жүрген жүрегі жұмсақ, намысты нәзік жандардың арасында жоғары лауазымды қызметкерлер мен әскер қатарында жүрген қыз-келіншектер аз емес.

Ел болашағының қамын ойлаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт



мәлдір бұлақты анаға жүктеген «ана бақыты» атты парызы бар. Бойында нәзік жандарға тән асыл қасиеттері бар. Әскери киім киген қыз-келіншектердің қай-қайсысын алып қарасақ, олардың бойынан тәкаппарлық емес, іріліктің иісі аңқып тұрады. Олардың әрқайсысы тындырымды істерімен ірі, өз тағдырының қожасы. Шеттерінен өз істерінің шебері, білімді, өскен ортаға сүйімді, өзін-өзі тәрбиелеуден де жалыққан емес.

Қазақ халқы ежелден қыз бала тәрбиесіне ерекше тұрғыдан қараған. Қыз тағдырын ұлт тағдырынан бөліп алып қарамаған. Елі мен жерін қорғайтын адал да иманжүзді ұл-қыз анадан туады. Сондықтан бүгінгі аталып өткелі отырған халықаралық деңгейдегі мерекенің басты кейіпкері, яғни мәлдір бұлағымыз да, шамшырағымыз да әрі жас ұрпақтың қамқоршысы да әйелдер. Нәзік жанды аруларға тән әдемілікті, бойына үйірген жақсылықты, мейірімділікті, тазалық пен адалдықты әйел затынан көреміз. Ана



Тоқаев «Жаңа Қазақстан» үрдісіне сай мемлекеттегі түбегейлі жаңғырту жұмыстарының жүргізіліп жатқанын атап өтуде. Осы орайда әділетті Қазақстанды құру жөніндегі тынымсыз ізденісте Отан қорғаушы қыз-келіншектердің қоғамдағы алар орны ерекше. Сапқа тұрып, әскери борышын өтеп жүрген әйелдер қауымы – шеттерінен жауапкершілікті арқалай алатын өте қабілетті, белсенді де білімді, көзі ашық, көкірегі ояу жандар. Қазіргі таңда Қарулы Күштеріміздің жағдайы жоғары деңгейде. Ғылым мен техника күн сайын жаңарып отырады. Осы лектің алғы шебінде жүрген әскери қызметші әйелдер заман талабына лайықты өмір сүруде. Әскери қызметтің қыр-сырын меңгере жүре, басқа да ұстанымдарды, қағидаларды ұстана отырып, аналық борыштарын да зор жауапкершілікпен атқаруда. Өйткені олардың мойнында сәбиінің шөлін басар



сүті – тіршілік иесі, сәбиге өмір берген киелі нәр. Бала – жаңа өмір, адамзаттың дәні. Қазақта «Алып та, дана да, данышпан да анадан туады» деген сөз бар. Сондықтан біз ана алдында аласамыз, ар алдында биікпіз. Әскер қатарында әскери борышын өтеп жүрген қыздар қауымына қарап, бойымызды қуаныш, ризалық сезімі белейді.

Халқымызда «Арын ардақтай алған, данасын даралай алған, қадір-қасиетті бағалай алған ел – кемеңгер» деген нақыл сөз бар. Күнделікті тіршілік өмірде кездесетін қиыншылықтарға мойымай, керісінше қайсарлық пен қажымас ерлік танытып жүрген әскердегі арулар сарқылмас қуатты соңынан еретін, істерін жалғастыратын ізбасарларына деген сенімде. Мерекелеріңіз құтты болсын! Кеңілдеріңізде әрқашан көктем болсын, құрметті арулар!

Майор Жаннұр БӨГІСОВА



ШУАҚ БОП ШАШЫЛҒАНДАР

Оқырман назарына Астана қаласы қорғаныс істері жөніндегі департаментіндегі тәрбие, идеологиялық және әскери-патриоттық жұмыстар басқармасының әскери-патриоттық жұмыстар және Қарулы Күштер ардагерлерімен жұмыс қызметі бастығы майор Мағишат Қайратқызы Жақанованың әскердегі әйелдер жайлы жазған ой-тұжырымын ұсынғанды жөн көрдік.

САПТАҒЫ ӘЙЕЛ САРДАР
ДА, ТӘЛІМГЕР ДЕ, АНА ДА
АТАНАДЫ

Мен Ақмола облысындағы Зеренді кентінің тумасымын.

Әскери қызметке 2005 жылғы желтоқсанда шақырылдым. Биыл 17 жыл болыпты. Жасым да 38-ден асты.

Қазіргі қызмет бағытым – әскери-патриоттық жұмыстар, Қарулы Күштер ардагерлерімен жұмыс, әскери қызметтің оң беделін көтеру.

Әрине, әскер сапындағы сардарлар мен сарбаздардың барлығы бірдей осы еліміздегі әр азаматтың әскери қызметке дайындық дәрежесін, олардың армия туралы таным-түсініктерінің қандай деңгейде екендігін біле бермейді. Көбі жастардың дайындықсыз, әлжуаз, жігерінің аздығына арызданып жатады. «Баланы жастан...» дегендей, тәрбиенің темірқазығы туылған ұядан басталады ғой.

Ер азаматтың ел қорғау міндетін қасиетті борыш санап, ата өсиетін санасына сіңіріп өскен жастарымыз да жетерлік. Дегенмен, дана халқымыз айтпақшы:

«Бір ұл әкеге жете туады,

Бір ұл әкеден өте туады,
Бір ұл әкеден кете туады» дегені бар емес пе?

